

**Л.П. МОЛДАШБАЕВА,<sup>1</sup>**

Э.ғ.к., доцент.

**С.С. ТЛЕУБЕРДИЕВА,<sup>1</sup>**

PhD, доцент.

**Л.В. ОЛЕЙНИК,<sup>2</sup>**

аға оқытушы.

**А.М. АТЕНОВА,<sup>3</sup>**

Э.ғ.к., доцент.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия

Ұлттық университеті.<sup>1</sup>

Рудный индустриалдық университеті.<sup>2</sup>

М. Әуезов атындағы оңтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университеті<sup>3</sup>

## **АЙМАҚТЫҚ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

### **Андатпа**


Аймақтық жұмысбастылық пен жұмыссыздықты мемлекеттік реттеу мәселесін көтерудің маңызы болып табылатын бірнеше объективті себептерді бөліп көрсетуге болады. Бүгінгі күні орын алып отырған бүкіләлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы: көптеген азаматтар үшін жұмысынан айырылу немесе табыс көзінің басым бөлігінен айырылып қалуына себеп болуда. Еліміздің инновациялық даму жолын тандауы, бұл жол мемлекетпен қатар халықтың мүмкіндіктерін де бағалай алуы тиіс, себебі қарқынды инновациялық даму экономиканы әртараптандыру мен еңбек нарығының толықтай өзгерісіне, жұмысбастылық деңгейіне тікелей әсер етеді. Азаматтардың заманауи ағым жүйесіне ілесе алу мүмкіндігі де осы өзгерістерге сай болуы тиіс. Аймақтық еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесін шеше отырып халықты жұмыспен қамту мемлекет саясатының негізгі қызметтерінің бірі. Мақалада Қызылорда облысының еңбек нарығының даму деңгейі мемлекеттің жалпы әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің көрінісін бейнелейді. Заманауи еңбек нарығында жылдам өзгерістер мемлекет саясатының икемділігін талап етеді. Экономикалық және әлеуметтік жүйені, халықтық жұмысбастылығын мемлекеттік реттеу ғана жалпы қоғамның стратегиялық реформаларына жетуге мүмкіндік береді. Аймақтық еңбек нарығын зерттеуде негізгі объекті ретінде алынған Қызылорда қаласының еңбек нарығында жұмыс күшінің сұраныс пен ұсынысының кәсіби-біліктілік құрылымының сәйкессіздігі, кәсіби оқу оқыту жүйесінің еңбек нарығының талаптарына жеткіліксіз бейімделуі, ауылдық жерлерден жастардың қалаға миграциялық ағынының тоқтамауы мәселелері анықталады.

Тірек сөздер: аймақтық еңбек нарығы, жұмыспен қамту, экономикалық белсенді адамдар, жұмыссыздық, мемлекеттік реттеу, біліктілік, кәсіптік оқыту.

Мемлекет макроэкономикалық реттеу құралдары арқылы барлық азаматтарға өзінің еңбекке жарамдылығын жүзеге асыруына, еңбек күшінің кәсіби мобильділігіне ықпал етеді, оның жоғары бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды және жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық шығынын азайтуды көздейді. Бұл мәселелерді, құрылымдық және инвестициялық саясат мазмұнын, әлеуметтік бағдарламалар, табыс саясатын есепке алмай шешу мүмкін емес.

Басқарудың мәні оның функциялары арқылы ашылады. Басқару функциясы көрсетілетін функциялар өндірістік процестің мазмұны мен құрылымына байланысты. Басқарудың әрбір функциясын белгілі басқару субъектісі жүзеге асырады. Экономиканы басқарудың өзгеруі, салалық және басқа да басқару органдарының құзіретінің, функцияларының және міндеттерінің өзгеруіне алып келеді. Қазақстан Республикасында жұмыспен қамтуды реттейтін арнайы органдар қалыптасқан. Аталмыш органдар – мемлекеттік саясатты республикалық әрі аймақ деңгейінде жүзеге асырушы мекемелер [1].

«Қызылорда қаласының жұмыспен қамту орталығы» – Қызылорда қаласы аясында азаматтарды еңбекпен қамтуға байланысты белсенді шараларды, жұмыссыздықпен күрес әрі әлеуметтік қорғауды қалалық деңгейде ұйымдастыруды жүзеге асыратын мекеме.



Сурет 1 – «Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің» ведомстволары

Қызылорда қалалық еңбекпен қамсыздандыру орталығы «Қызылорда қаласының еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы» КММ ведомствасының төрт ведомстволарының бірі. Мекеменің іргетасы 2011 жылы 3 мамырдағы қала әкімдігінің № 1334 қаулысымен қаланды. Қызылорда қалалық еңбекпен қамту мекемесі облыстық жұмыспен қамсыздандыру мекемесіне бағынса, облыстық жұмыспен қамсыздандыру мекемесі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекпен қамтамасыз ету департаментіне тікелей бағынады. Орталықты директор басқарады, барлығы 31 қызметкер жұмыс жасайды [2].

Қызылорда қалалық еңбекпен қамсыздандыру орталығы мекемесінің міндеттері:

- ◆ еңбек жасауға, орналасуға мұқтаж азаматтарды және бос жұмыс орындарын есепке алу;
- ◆ жұмысқа орналасудың мүмкіндіктері жайында мәліметтер ұсыну;
- ◆ адамдарға мамандығына сәйкес жұмыс орындарын таңдауға және жұмыс берушілерге қажетті қызметкерлер таңдауға көмек көрсету;
- ◆ жаңа жұмыс орындарын тікелей инвестициялау, несиелендіру арқылы құру және сақтап қалу;
- ◆ қоғамдық қызметтерді ұйымдастыру;
- ◆ жұмыссыз азаматтарға кәсіби білім беру және кәсіби кеңес беруді ұйымдастыру;
- ◆ оқу ақысын және шәкіртақы төлеу;
- ◆ әлеуметтік қорғауға мұқтаж әр түрлі топтағы азаматтарға ынталандыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру.


Қызылорда қалалық еңбекпен қамсыздандыру орталығының функциялары:

- ◆ қаланың әлеуметтік-экономикалық өзгерісіне, жұмыспен қамсыздандыру орындарына өтініш білдірген адамдар мен жұмыссыздардың жиынтық жұмыс орындарына сәйкестігіне талдау жүргізу, сәйкессіздік себептерін анықтау және жұмыс нарығын ретке келтіру бойынша жедел шаралар қабылдау;
- ◆ еңбек нарығындағы халықтың әртүрлі категориясының бөлінуіне аз, ұзақ мерзімді болжам жасауға әлеуметтік зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру, экономикадағы құрылымдық өзгерістерді анықтау және жергілікті атқару органдарымен бірге еңбекпен қамту саясаты мен қаланың жұмыссыздарын әлеуметтік қорғаудың негізгі бағыттарын анықтау;
- ◆ азаматтарды жұмыспен қамсыздандырудың қалалық бағдарламасын әзірлеу және оны жергілікті атқару органдарына бекітуге ұсыну;
- ◆ халықты жұмыспен қамту бағдарламасына талдау жүргізу және жаппай және ұзақ мерзімді жұмыссыздықты жоюға қажетті шаралар қабылдау;

♦ азаматтарды ерікті ауыстыру бағдарламасының аясында еңбек реурстарын аумақтық қайта бөлу және шетелдік жұмыс күшінің келуі мен кетуіне бақылау жасау.

♦ еңбек наырғында сұраныс және ұсынысты есепке алудың қалалық автоматтандырылған анықтамалық-ақпараттық жүйесін жасау.

Еңбекпен қамтамасыздандыру сферасының мемлекеттік реттеу, еліміздегі орын алатын өзгерістерге зор ықпалын тигізеді, өйткені жұмыссыздық экономиканың дамуына және қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді [6]. Жұмыс нарығын реттеу жүйесінде нарықтық шаруашылық механизмінің маңызды құрылымдарының бірі – қалалық еңбекпен қамту орталықтарының маңызы орасан зор. Олар жұмыс күші нарығында делдал қызметін атқаратын арнайы мекемелер. Мекемелер рөлі артқан сайын, функциялары күрделене түседі. Олар аумақтық деңгейде жұмыс күшінің резервін есепке алуы, бос еңбек орындары мен вакансиялық қызметтер туралы бүкіл ақпаратты шоғырландыруы, халыққа мемлекеттік кәсіпорындар мен басқа да жұмысқа алушылардың белгілі мамандық және мамандарға қажеттіліктері туралы ақпаратты жеткізуі, оларды қажетті жұмысқа орналасуына ықпал жасауы тиіс.



Сурет 2 – Халықты жұмыспен қамсыздандыру орталықтары қызметінің негізгі бағыттары

Бұл орталық жұмысқа орналастырудың нақты сұранысы мен мүмкіндіктерін ескеретін, кәсіби бағдар беру және қайта оқытуды, жетіспейтін жұмыс орындарын анықтауды көздейді, қажет жағдайда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырушысы ретінде қарастырылады, жұмысқа жарамды халықтың аз қамтылған тобын жұмыспен қамтуға, уақытша мәжбүрлі жұмыспен қамту кезінде әлеуметтік қолдау көрсету, Республиканың басқа аймақтарында жұмыспен қамту жағдайында ақпарат алмасуды ұйымдастырудың маңызды факторлары.

Қызылорда облысының заманауи даму жағдайында жұмыссыздық мәселесі үлкен қызығушылық тудырады. Аймақ еліміздің 14 облысының құрамына енетін, үлкен аумақты алып жатқан өңір болғандықтан, экономикасы да көпсалалы. Оның ішінде, жалпы аймақтық өнім

құрылымында ауылшаруашылық, облыстың негізгі паспортына айналған күріш шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібінің үлесі жоғары. Олар барлық ЖАӨ-нің 60%-ын құрайды. Осы орайда, димломдық жұмысымының тақырыбының өзектілігін ашатын, зерттегелі отырған еңбек нарығы Қызылорда облысының орталығы – Қызылорда қаласы болып табылады.

Туу, еңбекке жарамды адамдардың көрсеткіштері мен өсу қарқыны, сонымен қатар еңбек ресурстарының жас және жыныс бойынша құрылымдары, аймақтағы халықтық білім деңгейі зерттеліп отырған нарықтағы еңбек күшіне сұраныстың деңгейін анықтап беретін негізгі ұғымдар. Аймақтағы жұмыссыздық көрсеткішін анықтауда Қызылорда қаласының жалпы жұмыс нарығының толыққанды бейнесін есептеулер мен талдауларсыз анықтау мүмкін емес. 2018 жылдың 4 сәуірінде Қызылорда қаласының статистика департаментімен енгізілген мәліметтерге сүйенсек, қала халықының саны 335,2 мың адам. Оның ішінде ерлердің үлесі 154,1 мың болса, әйелдердікі 181,1 мыңды құрайды.

Қала халқының 92,2%-ы қазақтар үлесінде. Қызылорда қаласының 90,1%-ы қаланың өзінде қоныстанған, қалған 9,9%-ы қалаға енетін кенттер және ауылдық округтерде шоғырланған. Қаланың жалпы әкімшілік аумақтық бөлінісіне келетін болсақ, қала құрамына Тасбөгет, Белкөл кенттері және Қызылжарма, Ақсуат, Қызылөзек, Қосшыңырау, Ақжарма, Талсуат, Қарауылтөбе ауылдық округтері енеді. Қала халқының орташа өмір сүру мерзімі 71 жасты құрап отыр, әрине, бұл көрсеткіш Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда оң екенін ескеретін болсақ, өз кезегінде бұндай орташа өмір сүру мерзімі қаладағы еңбекке қабілетті халық санының көбеюіне себепші болатыны сөзсіз [5].

ҚР Ұлттық экономика министірлігі Статистика комитетінің 2018 жылғы мәліметі бойынша жалпы облыстық аудандар бөлінісінде қала басқа аудан және қалалық мекендерден халық саны, халықтық табиғи өсімі көрсеткіштері бойынша алда келе жатыр. Яғни, 2017 жылдың басынан 2018 жылдың 1 қаңтарына дейінгі уақыт аралығында табиғи өсім 14 509 адамды құраса, қала бойынша осы уақыт аралығында көші-қон 4 630 адамды құрап, жалпы өсім 9 872 адамды көрсетіп отыр. Облыстың ауданаралық бөлінісіндегі Қызылорда қаласының еңбек нарығының жоғарығыдай көрсеткішті көрсетуіне өзіне тән себептері бар. Қала облыс орталығы болып табылғандықтан, бұл өз кезегінде негізгі өндірістің осы жерде шоғырланып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, жұмыс табу мақсатында көптеп келуіне әсерін тигізеді [4].

Аталмыш көрсеткіштің жыл сайын төмендеуі қала шеңберіндегі жұмыспен қамту саясатының дұрыс бағытта келе жатқанын көрсетеді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев біріккен парламент палаталарының отырысында осы мәселеге ерекше назарың аударып, өз бетінмен еңбекпен қамтылу – салықтан тікелей жалтару екенін атады. Яғни, жұмыс жасайтын кез-келген азамат тиісті органдарға тіркеле отырып, өзіне мемлекет артқан міндеттерді орындап отыруы тиіс.

Бүгінгі күні еліміздегі өз бетінен еңбекпен қамтылғандардың саны 2,7 млн адамды құраса, Қызылорда қаласының осындай оң нәтиже көрсетуін мемлекеттік маңызды мәселені жою жолындағы өңіріміздің ел экономикасының өсуіне қосқан үлесі деп білген жөн. Бұл қаладағы соңғы 5 жылдықта макроэкономикалық көрсеткіштердің дамуына қолайлы жағдайдың жасалғандығын көрсетеді. Оған Қызылорда қаласының заманауи бағытта дамып, түрлі өндіріс орындары мен қаланың негізгі орталығына айналдыруға жоспарланған сол жақ жағалау құрылыстарының қарқынды жүруімен тікелей байланыстыруға болады.

Қызылорда еңбекпен, жұмыспен қамту мекемесінің мәліметіне сүйенсек, қалада шекарасы еңбек нарығындағы жастық көрсеткіштер облыс аумағы бойынша қалыпты деңгейде деп бағаланып отыр. Яғни, экономикалық белсенді азаматтар жалпы халықтың 60%-ын құраса, еңбекке қабілеттілік жасынан төмен халық 15% және еңбекке қабілеттілік жасынан жоғары азаматтар 25% құраған [3].

Халықаралық және аймақаралық интеграцияның және бәсекелестіктің күшеюі Қазақстан аймақтарындағы жастар адамдардағы жұмыссыздық мәселесіне ерекше назарды аударуды талап етеді. Жастар әртүрлі салаларда жетерліктей біліктілігі мен тәжірибесі болмаса да, инновациялық және шығармашылық әлеуеті жоғары әлеуметтік-экономикалық белсенді топ. Сондықтан Қызылорда қаласы үшін республиканың кез келген аймағы секілді жастарды жұмыс нарығында жұмыспен қамту әрі олардың белсенділігін, бәсекеге қабілеттілігін жоғары деңгейде ұстап отыру маңызды. Қызылорда қаласының статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 335 200 барлық халықтың 24,5% (82 124) 15–28 жас аралығындағы жастарды қамтиды. Оның

ішінде, 50,4% (168 940) ерлер, қалған 49,6% (166 259) әйелдер үлесінде. Ағымдағы жылы Қызылорда қаласы еңбекпен қамту орталығы есебіне сәйкес қаладағы жастар жұмыссыздығы орта есеппен 4,9% құрап отыр. Бұл көрсеткіш өтіп кеткен уақытпен салыстырғанда 0,5%-ға артқан. Оның ішінде 15–24 жас аралығындағы жастар жұмыссыздығы 4,5% болса, 15–28 жас аралығындағы жастар жұмыссыздығы 5,4%-ды құрайды [4].

Статистикалық мәліметтер көрсеткендей, аймағымыздағы жұмыссыздар санының басым бөлігін жоғарғы білім беру орындарын және де арнаулы орта оқу мекемелерін бітіруші жастардың құрайтындығын көре аламыз.

Қаладағы жастар жұмыссыздығының себебін Қазақстанның өзге де аймақтарына тән мәселелер арқылы түсіндіруге болады. Яғни, бітіруші мамандарға еңбек нарығында сұраныстың жоқтығы, ауыл жастарының қалаға шамадан тыс қоныс аударуы, тәжірибенің жеткіліксіздігі секілді өзекті мәселелер. Мәселен, Қалада 4 жоғарғы оқу мекемесі және 24 арнаулы орта білім беретін колледждер болса, олар жыл сайын 4 мыңнан аса мамандар бітіріп шығады.

Бітіріп шыққан мамандардың тәмамдап шыққан мамандықтарының негізгі бөлігі қаржылық, заңгерлік, экономикалық мамандықтар болғандықтан, еңбек нарығындағы бұл саладағы мамандықтарға сұраныстың жоқтығы себебінен жастардың жұмыс таба алмау мәселесіне тап болатыны жасырын емес.

Қызылорда қаласының еңбек нарығының зерттелген индикаторлары қалыпты, оң нәтижелерді көрсеткенімен, алдағы уақытта мемлекеттің экономикалық белсенді адамдар құрамындағы жұмыспен қамтылған адамдардың санын арттыру және жұмыссыздықты төмендету шараларын үздіксіз жүргізіп отыруы керек. Ол үшін мемлекеттік іс-шаралар әрбір аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін ғана білмей, табиғи-географиялық, демографиялық факторларды да үнемі ескеріп отыру қажет.

Қорытындылай келе, аймақтарға негізгі қажетті, сұранысқа ие мамандарды даярлап шығару, аймақтың ерекшелігіне байланысты өндіріс орындарын құру секілді жұмыстар назардан тыс қалмауы тиіс.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Досанов З.Т. Государственное регулирование занятости населения в РК // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2015. – № 3. – С. 45–49.

2 Қызылорда қаласы әкімдігі сайты. Қызылорда қалалық еңбекпен қамсыздандыру орталығы «Қызылорда қаласының еңбек қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы. – Қызылорда қаласы, 2018: <http://kyzylorda.gov.kz>.

3 «Қызылорда қаласы жұмыспен қамту орталығы» Жарғысы. Қызылорда қалалық еңбекпен қамсыздандыру орталығы «Қызылорда қаласының еңбек қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекеменің ішкі нормативтік құжаты. – Қызылорда қаласы, 2018.

4 Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Қызылорда қаласының 2018 жылдың жастар жұмыссыздығының статистикалық көрсеткіштері: <http://www.enbek.gov.kz>.

5. «Жұмыспен қамту–2020 бағдарламасы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысы. – Астана қаласы, 2013: <https://www.adilet.zan.kz/>.

6. Нәтижелі жұмыспен қамтудың және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29 желтоқсан 2016 жылғы № 919 қаулысы. – Астана қаласы, 2016: <http://www.adilet.zan.kz/>.

## Аннотация

Можно выделить несколько объективных причин, по которым необходимо поднимать вопрос государственного регулирования региональной занятости и безработицы. Это существующий на сегодняшний день всемирный финансово-экономический кризис, последствием которого для многих граждан является потеря работы или потеря большей части источника дохода; выбор нового пути инновационного развития страны, поскольку интенсивное инновационное развитие напрямую влияет на диверсификацию экономики и полное изменение рынка труда, уровень занятости. Возможность граждан подстраиваться под современную систему развития также должна соответствовать этим изменениям. При решении проблемы безработицы на региональном рынке труда занятость населения является одной из основных функций государственной полити-



ки. В статье исследовано развитие рынка труда Кызылординской области, отражающего общий социально-экономический потенциал государства. Быстрые изменения на современном рынке труда требуют гибкости политики государства. Только государственное регулирование экономической и социальной системы, занятости населения позволит достичь стратегических реформ общества в целом. Основным объектом исследования регионального рынка труда будут определены проблемы несоответствия профессионально-квалификационной структуры спроса и предложения рабочей силы на рынке труда города Кызылорды, недостаточная адаптация системы профессионального обучения к требованиям рынка труда, сдерживание миграционных потоков молодежи из сельской местности в город.

Ключевые слова: региональный рынок труда, занятость, экономически активное население, безработица, государственное регулирование, квалификация, профессиональное обучение.

#### **Abstract**

There are several objective reasons that are important to raise the issue of state regulation of regional employment and unemployment. These concern the current global financial and economic crisis, the consequence of which for many citizens is the loss of a job or the loss of most of the source of income, the choice of a new way of innovative development of the country and the opportunities of the population, as intensive innovative development directly affects the diversification of the economy and the complete change in the labor market, the level of employment. The ability of citizens to adapt to the modern development system must also be in line with these changes. Solving the problem of unemployment in the regional labor market, employment is one of the main functions of state policy. The article investigates the development of the labor market of Kyzylorda region, reflecting the overall socio-economic potential of the state. Rapid changes in the modern labor market require flexibility of the state policy. Only the state regulation of the economic and social system, employment of the population will allow to achieve strategic reforms of society as a whole. The main object of the study of the regional labor market will be identified problems of discrepancy between the professional and qualification structure of demand and supply of labor in the labor market of Kyzylorda, insufficient adaptation of the vocational training system to the requirements of the labor market, incontinence of migration flows of young people from rural areas to the city.

Key words: regional labor market, employment, economically active people, unemployment, government regulation, qualifications, vocational training.